

**Жоғарғы оқу орындарында
ерекше білім алу
қажеттіліктері бар
тұлғаларды оқыту үшін білім
беру үрдісін ұйымдастыру**

Ұйымдық ұсынымдар

- Ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалар бойынша университеттің оқыту қызметі жергілікті сипаттағы құжаттармен регламенттелуі тиіс-ол-инклюзивті білім берудің орталығы (бөлім, бөлімше, қызмет және т.б.) туралы ереже, ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттерді оқыту ережесі.
- Сонымен қатар білім беру ұйымының Жарғысына, аралық аттестация мен ағымдағы білімді бақылауды жүргізу мен ұйымдастыру туралы ережеге, оқушының тәжірибе туралы ережесіне, түлектерді мемлекеттік қорытындылау аттестациясы туралы ережеге және басқа да инклюзивті білім беру шартын есепке алатын құжаттарға қосымшалар енгізілуі тиіс.

Ұйымдық ұсынымдар

Егер білім беру ұйымында мүгедектерді оқытуға жауапты жеке құрылымдық бөлімшелер құрылмайтын жағдайда, оның қызметтері қолданымдағы құрылымдық бөлімшелерге берілуі тиіс, бұл құрылымдық бөлімшелер туралы сәйкес ережелерде көрсетіледі.

Университет бөлімшелерінің инклюзивті дамытудағы негізгі міндеттері:

- мүгедек-талапкерлермен кәсіби бағдарлық жұмыс пен жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық,
- мүгедек-студенттермен инклюзивті білім беруді сүйемелдеу,
- мүгедектерді қашықтықтан оқыту бағдарламаларын, инклюзивті білім берудің ақпараттық-технологиялық қорының қызмет көрсетуі мен даму мәселелерін шешу,
- әлеуметтік-мәдени оңалту,
- мүгедек-түлектерді еңбекке тартуға жәрдемдесу,
- кедергісіз архитектуралық ортаны жасау.

Ұйымдық ұсынымдар

Қажет:

- Оқуға түсу, оқу мерзімі, еңбекпен қамтамасыз ету кезеңдеріндегі мүгедектер мен ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалар бойынша мамандандырылған есеп жүргізу;
- Мүгедектер мен ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту үшін жоғарғы оқу орнындағы білім беру ұйымының сайтында шарттар туралы ақпараттарды орналастыру.

Кадрлық қамтамасыздандыру бойынша ұсынымдар

- **Білім беру ұйымдарының штатына тьютор, педагог-психолог, әлеуметтік педагог (әлеуметтік жұмыскер), мүгедектерге арнайы техникалық және бағдарламалық оқыту құралдары бойынша маман, және ерекше білім алу қажеттіліктері бар бойынша студенттердің оқу процесстерін кешенді қамтамасыз ету мақсатында басқа да қажетті мамандарды енгізу.**

Кадрлық қамтамасыздандыру бойынша ұсынымдар

Мүгедектердің психофизиологиялық ерекшеліктері туралы білім алу, білім беру ақпараттарын қабылдап алу-жіберу спецификасын білу, әр түрлі нозологияларды есепке алып арнайы оқу техникалық құралдарын пайдалану мақсатында оқытушыларды қосымша дайындау

Кадрлық қамтамасыздандыру бойынша ұсынымдар

Оқу үдерісін ұйымдастыру штатына қажет жағдайда **сурдопедагог**, есту қабілеті нашар студенттерге білім бері үрдісін қамтамасыз ету үшін **сурдоаудармашы**; көру қабілеті нашар студенттерге білім бері үрдісін қамтамасыз ету үшін **тифлопедагог** мамандарын енгізу.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар абитуриенттермен жұмыс істеудегі ұсынымдар

- Жоғарғы оқу орнындағы білім беру ұйымдарында мүгедек-талапкерлерді жоғарғы оқу орнына дайындау жүйесінің болуы.
- Мүгедек-талапкерлермен кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру,
- Мүгедек-талапкерлер үшін жоғарғы оқу орнында қабылдау сынақтарын сүйемелдеу.

Білім беру ұйымдары ғимараттарының қол жетімділігі мен олардың ішінде қауіпсіздік бойынша ұсынымдар.

- Әр түрлі нозологияларға білім беру ұйымдарындағы іргелес кіретін жолдар, ғимараттың ішіндегі қозғалыстардың қол жетімділігін қамтамасыз ету.
- Аудиторияларда арнайы орындардың болуы,
- Әр түрлі нозологияларға ие студенттер үшін жабдықталған санитарлық-гигиеналық жабдықтардың болуы,
- Әр түрлі нозологияларға ие студенттер үшін сигнал жабдық жүйелері мен хабарландырулардың болуы,
- Студенттік жатақхана ғимараттарының қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Білім беру үрдісіндегі материалды-техникалық қамтамасыз ету ұсынымдары

- Есту қабілеті нашар студенттерге қол жетімді түрде дыбысты күшейтетін аппаратура, мультимедиялық құралдар және басқа да оқу ақпараттарын қабылдап алу-жіберу техникалық құралдарының болуы,
- Көру қабілеті нашар студенттерге қол жетімді түрде брайлевтік компьютерлі техниканың, электронды үлкейткіш әйнектің, видеоүлкейткіштердің, ақпаратқа визуалды емес рұқсат бағдарламаларының, сөйлеудің бағдарлама-синтезаторларының және басқа да оқу ақпараттарын қабылдап алу-жіберу техникалық құралдарының болуы.
- Қимыл тірек аппараттары нашар студенттерге қол жетімді түрде арнайы бағдарламалық жасақтамасы бар мүгедектерге икемделген компьютерлік техниканың, ақпаратты енгізудің альтернативті құрылғылардың және басқа да оқу ақпараттарын қабылдап алу-жіберу техникалық құралдарының болуы.

Оқу үрдісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мен білім беру бағдарламаларына икемделу ұсынымдары.

- Білім беру бағдарламаларының вариативті бөлігіне мамандандырылған икемделген пәндерді қосу (модульдер),
- Ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалардың қолжетімділігінен шығатын білім беру ұйымдарымен іске асырылатын білім беру әдістерін таңдау,
- Ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларды олардың денсаулығының шектеулеріне икемделген формадағы білім беру қорларымен қамтамасыз ету,
- Ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалар үшін тәжірибе өту орындарын оқушының қолжетімділігінің талаптарын есепке алып таңдау,
- Ағымдағы және қорытынды аттестацияны ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалардың нозологиялар ерекшеліктерін есепке алып өткізу,
- **Ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларға қажет жағдайда жеке оқу кестесі мен жеке оқу жоспарларын жасау .**
- Ерекше білім алу қажеттіліктері бар түлектерді жұмысқа орналастыруға дайындау және жұмысқа орналасуға көмек көрсету және жұмыс орындарында бекіту.

Электронды білім беру және қашықтықтан білім беру технологиялар қолданылатын білім беру үрдісін ұйымдастыруға ұсынымдар

- Нозологияға байланысты қол жетімді формадағы ақпаратты жіберіп-қабылдауды іске асыруға көмектесетін электронды оқытудың технологиялық құралдарын қолдану,
- Ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларды олардың денсаулығының шектеулеріне икемделген формадағы оқу-әдістемелік қорлармен қамтамасыз ету .
- On-line және off-line технологияларының байланыстарын, сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологияларын қолданумен іске асатын оқу үрдісіндегі жеке және ұжымдық жұмыс формаларымен қамтамасыз ету.

Оқу үрдісін кешенді сүйемелдеуге және денсаулық жинақтауға ұсынымдар

- Медициналық - әлеуметтік сараптама қызметі немесе психолого-медициналық- педагогикалық комиссияның ұсыныстарына сәйкес, ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларға оқу үрдісін кешенді сүйемелдеуді іске асыру,
- Білім беру ұйымымен "дене шынықтыру" пәнін игерудің ерекше тәртібін орнату,
- Білім беру ұйымдарын әр түрлі нозологияларға ие ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалар үшін икемделген спорттық жабдықтармен қамтамасыз ету,
- Білім беру ұйымдарында толерантты әлеуметтік мәдени орта мен мүгедек-студенттерге ерікті көмек көрсетуді құру,
- Білім беру ұйымдарында медициналық пункттер немесе емхана бөлімшелерінің болуы.